

Әнегелі
мір

КЕМЕЛ ТОҚАЕВ



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПАҰЙЫ



Ә Н Е Г Е Л І Ә М І Р



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
бекітілген

Бас редактор: Ғ.М. Мұтанов
Орынбасарлары: Б.Ө. Жақып
З.А. Мансұров
Жауапты хатшы: Н.Е. Қопабаева

Редакциялық жұмыс тобы:
С. Медеубекұлы
А. Рамазан
Н. Дәуешов
Қ. Мұқатаева
Құрастырушы: Д. Смайыл

Редакторлар: А. Ауанова
А. Суталиева

Беттеген және мұқабасын
көркемдеген: Н. Қопабаева

Редакция мекенжайы:
Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 71,
«Қазақ университеті» баспа үйі
тел.: 221-11-74

**Республикалық «Өнегелі өмір»
сериялық кітап редакциясы
қоғамдық кеңесінің мүшелері**

Кеңес төрағасы: О.О. Сүлейменов

Әбдіжәміл Нұрпейісов
Әбілфайыз Ыдырысов
Болат Көмеков
Кенжеғали Сағадиев
Көпжасар Нәрібаев
Қуаныш Сұлтанов
Мәулен Әшімбаев
Мұрат Әуезов
Мұрат Жұрынов
Мұхтар Құл-Мұхаммед
Мырзатай Жолдасбеков
Нұрлан Оразалин
Роллан Сейсенбаев
Сағымбай Қозыбаев
Сауытбек Абдрахманов
Сейіт Қасқабасов
Сергей Терещенко
Сұлтан Сартаев
Төлеген Қожамқұлов
Уахит Шәлекенов

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

Т 52

*Баспаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Тоқаев К.

Т 52 Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов / Құраст. Д. Смайыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. Ш. 156. – 401 б., сур.

ISBN 978-601-04-3362-5

Бұл кітап ұлт журналистикасын кәсіби деңгейге көтеруге атсалысқан сара сөздің сардары, белгілі публицист, тұңғыш қазақ детектив жазушысы Кемел Тоқаевтың ұлт руханияты үшін еткен еңбегінен, ғибратты ғұмырынан сыр шертеді. Онда көркемсөз шеберінің «Сарғабанда болған оқиға», «Түнде атылған оқ» повестері, «Соңғы сокқы» романы, «Милиция – қорғаным» пьесасынан үзінді берілген. Сондай-ақ мұрағат құжаттары, фотосуреттер, замандастарының, әріптестерінің, шәкірттерінің ыстық лебізге толы естеліктері қамтылды.

Кітап көпшілік оқырманға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-04-3362-5

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

© Смайыл Д., 2018

Құрметті оқырман!

Ел тағдыры безбенге салынып, ер басына күн туған Ұлы Отан соғысының отты кезеңінде халқымызды тарихтың қатал сынынан аман алып өткен, қаһармандық пен жасампаздыққа толы сол бір сындарлы жылдарды ерен еңбегі арқылы тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі бақытты болмысына ұластырған аға ұрпақ өкілдері болатын. Өртеңге шыққан балауса құрақтай осынау қуатты толқын маңдайына қазақтың іргелі ғылымының, кәсіби білікті өнерінің, сан салалы, арналы әдебиетінің тұғырын төсеу бұйырыпты. Майдан ақиқатын жан жүрегімен сезініп, оқ пен оттың ортасынан аман келген жасауынгер-қаламгерлер Ілияс Есенберлин мен Әбдіжәмил Нұрпейісов тарихи роман негізін салса, Тахауи Ахтанов психологиялық драманы, Қасым Аманжолов пен Сырбай Мәуленов азаматтық лириканы жаңа, заманауи биікке көтерді. Осынау біртуар шоғырда талантты көркемсөз шебері Кемел Тоқаев иеленер орын ерекше. Саналы ғұмырын сөз өнерінің журналистика мен ресми аударма сынды ұшқыр салаларына арнаған қаламгер қазақ прозасының детектив сынды бітімі бөлек жанрын өмірге әкелді. Руханият кеңістігіндегі жыл құсындай жаңалықты таразыға тартып, сараптап отыратын талғампаз сын жазушының шытырман оқиғаларға құрылған шығармаларын әдеби үдерістегі соны құбылысқа балады.


Жазушы Кемел Тоқаевтың көркемдік құбыланамасының адамгершілік, адалдық пен әділдік, адамгершілік пен бауырмалдық сынды адами қасиеттерге бағдарлануының өзіндік сыры, себебі бар. Халқымызды алапат апатқа ұшыратқан 1931–1932 жылдардағы ашаршылық кезінде сонау Қырғызстанға, Бішкекке бас сауғалап барған бала Кемелдің әкесі мен анасы, қарындасы қайғылы жаздайда қайтыс болып, ағасы Қасым екеуі балалар үйінде тәрбиеленеді. Қасым 1942 жылы жасамен шайқаста ерлікпен қаза табады. Жар дегенде жалғыз бауырынан айырылу Кемелге оңай соқпайды, оның жүрегінде мәңгілік жазылмастай жара қалдырады. Болашақ жазушы да орта мектепті бітірісімен майданға алынып, Бішкектегі әскери училищеден соң Сталинград майданының 226-атқыштар дивизиясының қатарында бөлімше командирі болып соғысқа кіріп, жараланады. Жарақаты жазылған Кемел Сталинград, Оңтүстік Батыс, 1-Украина, 2-Беларусь майдандарында 7-гвардияшылар полкімен жасаға қарсы ұрысады, көрсеткен ерлігі үшін I және II дәрежелі Отан

соғысы ордендерін, «Ерлігі үшін» және «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдарын омырауына тағады.

Талапты да талантты жас оқи жүріп, студент кезінде-ақ жастардың «Лениншіл жас» газетінде тілшілік қызмет істейді. Оқуын тәмамдаған соң Кемел Тоқаев Жамбыл облыстық газетіне жолдамамен жіберіліп, өңірлік баспасөздің қазанында қайнады. Одан кейін астанаға қайта шақырылып, «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан» секілді ең беделді республикалық басылымдарында жұмыс істейді. Біліктілігі мен сапалы ұйымдастырушылығының арқасында аталған ақпарат құралдарында басшылық қызметтерге дейін көтерілді. Басылымның бүкіл өндірістік әрі шығармашылық тірлігі тоғысатын бұл қызметті абыроймен атқарған Кемел Тоқаев біраз жылдан кейін елдің заң шығарушы билігінің ресми органы – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Жаршысына» ауысып, мұнда ұзақ жылдар хатшы, жауапты редактор болып абыройлы қызмет атқарады. Осы уақыттың ішінде Кемел Тоқаев қазақ баспасөзінің тарихында келелі істер атқарған тұлға ретінде қалып, руханият пен әдебиет әлемінде де жарқырап көрінді. Шығармашылық жетістіктермен астасқан жемісті жұмысы үшін көптеген марапаттарға ие болды.

Әдебиетіміздегі тың салаға түрен салған қарымды қаламгердің, журналистердің талантты толқынын тәрбиелей отырып, кәсіби қазақ тілін қалыптастыруға, әсіресе заңға байланысты атау сөздерді бір ізге түсіруге, мемлекеттік терминология комиссиясынан өткізуге белсене араласқан мемлекет қайраткерінің өміршең туындылары бүгінгі күн рухымен үндесіп, отаншыл жас ұрпақтың рухани игілігіне айналып отыр.

**Бас редактор,
ректор**



Ғ.М. Мұтанов

КЕМЕЛ ТОҚАЕВ (1923–1986)

Жазушы, журналист, мемлекет қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері. 1923 жылы 2 қазанда Алматы облысының Қаратал ауданында туған. Шымкент қаласында орта мектепті тәмамдағаннан кейін Қызыл армия қатарына алынып, Бішкек қаласындағы әскери училищені аяқтаған соң Сталинград майданының 226-атқыштар дивизиясында бөлім командирі бола жүріп соғысқа қатысқан, жараланған. Госпитальдан кейін 7-гвардияшылар танк полкімен Сталинград, Оңтүстік Батыс, 1-Украина, 2-Беларусь майдандарында болған. Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін I және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «За отвагу» және «За оборону Сталинграда» медальдарымен марапатталған.

Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін Кемел Тоқаев С.М. Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы) университеттің тарих-филология факультеті журналистика бөлімін тәмамдады. Университетте оқи жүріп «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде қызмет атқарады. Оқуын аяқтаған соң Жамбыл облыстық газетінде 1948–1949 жылдары әдеби қызметкер болды. Бұл жұмыстан «Лениншіл жас» газетіне қызметке шақырылып, аталған басылымда 1949–1953 жылдары студент жастар бөлімін басқарады және осы кездері жеке әңгіме, повестері жарық көре бастайды. Бұдан кейін «Қазақстан пионері» газетінде редактор болып қызмет атқарады. Қаламы ұшталған, ұйымдастырушылық қабілетімен танылған, өмірдің әр саласын терең зерттеп, шебер жаза білетін журналист-жазушы 1956–1960 жылдар аралығында «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жауапты хатшы, редколлегия мүшесі болып қызмет атқарады. 1960 жылдың мамыр айында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Жаршысына» қызметке ауысады, бұл мекемеде 17 жыл – 1977 жылдың қазан айына шейін алғашқыда хатшы, соңынан 11 жыл бойы жауапты редактор болып абыройлы қызмет атқарады. 1980–1984 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі болады.

Кеңес чекистері тақырыбына арналған оннан астам кітабы қазақ және орыс тілдерінде басылып шыққан. Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ КСР Ішкі істер министрлігі жариялаған әдеби бәйгелерде бірінші бәйге алып, төрт мәрте лауреат атанған. «Қызыл комиссар», «Қылмыскер кім?» және «Сықырлы сырлар» деп аталатын

пьесалардың авторы. Бейбіт өмірде еңбектегі және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен, КСРО Ішкі істер министрлігінің Құрмет Грамотасымен және төсбелгісімен марапатталған. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1954 жылы «Жұлдызды жорық» атты әңгімелер жинағы, 1958 жылы «Қыс қарлығашы» повесі, 1955, 1958, 1972, 1975 жылдары «Қазақстан» баспасынан «Болашақ туралы ойлар» атты повестер мен әңгімелер жинағы, «Жазушы» және «Қазақстан» баспаларынан 1955, 1958, 1972, 1975 жылдары «Түнде атылған оқ» атты повестер жинағы, 1971–1972, 1976 жылдары «Қастандық» атты повесі, 1971, 1972, 1975, 1976 жылдары «Арнаулы тапсырма» атты повесі, 1965, 1968, 1976 жылдары «Сарғабанда болған оқиға» атты повесі, 1977 жылы «Таңбалы алтын» повесі, 1981 жылы «Соңғы соққы» романы, 1983 жылы «Солдат алысқа кетті» және «Ұясынан безген құс» романдары жарық көрген және қайта басылып шыққан.

ӘКЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Кез келген перзент ата-анасын кие тұтады. Ол үшін әке-шешесі тұтынған әрбір зат қастерлі. Мен үшін де әкем жазған кітаптар соншалық бағалы, қымбат. Ол кісіні сағынғанда сол кітаптарды қолыма аламын, бала кезімде оқыған, кейін қайталаған сол шығармалардың әр-әр тұсына көз жүгіртемін. Көз алдыма түннің бір уағына дейін стол басында тапжылмай жазу жазып отыратын әкем елестейді. Оның шаршаңқы жүзін, ұсақ әріптер жеп, әнтек қызарыңқыраған көзін көргендей боламын. Осындай сәтте кеудемді сағыныш кернейді.

Иә, бұл шығармалардың әрқайсысының өзіндік тағдыры, тарихы бар. Әкемнің әрбір жаңа кітабы біздің отбасымызға үлкен қуаныш алып келетін. Ішкі сырын сыртқа шығара бермейтін, қуанғанда да дарақыланып кетпейтін, әр нәрсенің өлшемін білетін әкемнің жүзі жылып, миығына күлкі ұялайтын. Даурықпа даңғазаға, адамгершілік өлшемге сыймайтын іс-әрекеттің бәріне қаны қас еді. Бізді де солай тәрбиеледі. Ол кісі соншалық қатал емес-ті, бірақ бізді мысы басып тұратын. Қай бала туған әкесіне еліктемесін. Әкеге деген құрмет менің әдебиетке, көркем шығармаға деген ықыласымды оятты. Бала кезімнен кітапқа құмар болдым. Бос уақытымның барлығын көркем әдебиет оқуға арнадым. Әкем сияқты қаламгер болсам-ау деген арманды кішкентай кезімнен жүрегімнің құндағына бөледім. Бірақ тағдыр менің өмірімді басқа арнаға салды. Солай дегенмен, қатқабат жұмыстың көптігіне қарамастан, жазуға аңсарым ауып кететін сәттер болады.

Мен бұл жолы әкемнің қаламгерлік өміріне толық барлау жасаймын, талдаймын деп ойламаймын. Алдын-ала айтып қояйын, әкемнің шығармаларына кәнігі маман сыншының көзімен қарап, жан-жақты талдауды да мақсат еткен жоқпын. Әкем туралы көкейімде жүрген ойларымды ғана қағазға түсірдім.

Ешкім оқып жазушы болмайды. Жазушылық – жаратқанның берген сыйы. Сол сыйдың қадір-қасиетін біліп, соған лайық еңбек ете білген адам ғана дегеніне жетеді.

Кейбіреу осы Құдай берген қабілетін дұрыс пайдалана алмайды. Себебі – ол адамда өмірбаян болмайды, жазатын шығармасына

арқау боларлық өмірлік материал өте аз. Әлем әдебиетінің тарихында тегеурінді таланты болғанымен ұзаққа көсіліп шаба алмай, орта жолда болдырып қалған қаламгерлер аз емес. Керісінше, таланты әлгіден кем болғанмен өмірден көргені, көңілге түйгені көп жазушының даңқ тұғырына өрмелеп шыққаны туралы біраз мысалдар келтіруге болар еді. Мен әкемді осы екінші топтағы қаламгерлер санатына қосар едім.

Шынында да ол кісінің өмір тарихы өте қызық, аса мазмұнды. Сонымен бірге аянышты да. Басынан небір қиын-қыстау заман өткен, қабырғасы қатпаған қаршадай кезінде ата-анадан айырылып, тұл жетім болып қалған ағайынды екі баланың басынан кешкен тарих бірнеше кітапқа жүк болар еді. Жұрт жаппай аштан қырылып, ел арасын дерт жайлаған сол бір қиын кезде олар бірін-бірі жетектеп жүріп аман қалған. Балалар үйіне орналасып жан сақтаған. Балалар үйіндегі өмірдің қандай болатыны белгілі ғой. Кім күшті болса, соның аты озып, абыройы көтеріліп тұрады. Ондайлар әрине киянатшыл болып келеді. Арқа сүйер асқар таудай әкесі, мейірімі көл-көсір анасы жоқ жетімектің қабағына қарап, қолтығынан демер кім бар? Өзінді-өзін қорғап, тырбанып әрекет жасамасаң, жұрттың қоры болып қаларың ақиқат.

Әр кезде айтып отыратын әңгімелеріне қарағанда, қаршадай кезінде-ақ қайырымы кем ортаның қатал тәртібіне амалсыз бағынған тәрізді. Көңіл олқы, жан жаралы. Ата-ананың мейіріміне қаталаған жаралы көңілді уайым басып, мұң торлайды ғой. Ол көп әділетсіздік көре жүріп өмірдің бұрқ-сарқ қайнап жатқан қазанына түсіп, отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтындай болып шынығып, ерте ержеткен.

Оның әкесі де, шешесі де сол балалар үйі, сол мемлекет еді. Ол бар жақсылықты мемлекеттен көрді, Отанның ұлы болып ержетті. Әкем үшін Отан деген ұғым бәрінен жоғары тұратын. Соншама жақсылық көре тұра оның патриот болмауға, сол Отаны үшін отқа түспеуге мүлде қақысы жоқ еді. Әкемде жекеменшіктік психология деген атымен болмайтын, қоғамның, мемлекеттің мүддесін әрқашан бәрінен жоғары қоятын. Ол кісінің әскери-патриоттық тақырыпты тандап алуы да, менің ойымша, осы жағдайларға байланысты. Оның қайсы шығармасын оқысаңыз да, мемлекеттік мүдде мен жеке бастың мүддесі арасында ымырасыз күрес жүріп жатады. Жеке бастың мүддесіне кедергісіз кең жол ашылған жағдайда ол тым

кесірлі амбицияларға ұласып, ақыры мемлекеттің мүддесіне ауыз сала бастайтынын адамзат тарихы сан мәрте дәлелдеген шындық. Мұндай жағдайда қоғамның тынышы кетіп, ішкі үйлесімі бұзылып, қарапайым халық пенделік эгоизмнің құлақ кесті құлына айналған әлдекімдердің тәлкегіне ұшырай бастамай ма?! Арқа сүйер асқар таудай әке, жүрегі мейірімге, махаббатқа толы аяулы анасы жоқ ол өмірдің осындай әділетсіздігін тым ерте сезген, көрген, басынан небір қым-қиғаш тарих өткен. Қиналған, қиянат көрген сәті аз емес. Әділетсіз өктем дүниеге деген кек көкірегіне шемен болып байланған. Сол ақкөз өктемдікке деген өшпенділік сезім оның жігерін қайраған, әділдік аңсаған балапан жүректің арманы да зор еді. Ақыры жүректің құндағына бөленген сол арман оны жазушылық жолға салды-ау деп ойлаймын.

Әкемнің шығармашылығы туралы ойлағанда оның не себепті детектив жанрын таңдағанына жауап іздеймін.

Бала кезімде бұл мәселеге мән бермеуші едім, өйткені адамды бірден жетелеп алып кететін шым-шытырық оқиғалы шығарма шаршатпайтын, еліктіріп, қызықтырып отыратын. Сол себепті де мен балалық талғамның таразысына салып бағалап, мұндай дүниелерді ең үздіктер санатына қосушы едім. Кейін ержеткен соң дүниеге ақылдың көзімен қарайтын болдық қой. Бірақ бәрібір сол баяғы бала кезімдегі көзқарасымнан айнып көрген жоқпын. Қайталап оқығанда ұғынғаным – әкемнің шығармалары үлкенге де, кішіге де түсінікті екен. Олар уақыт, заман өзгергенде із-түссіз жоғалып кететін арзан кітаптардың санатына қосылмайды екен. Ол кісінің оқырманының көп болатыны, кітаптарының жүздеген мың данамен тарағаны осы жағдайларға байланысты-ау деп ойлаймын.

Әкем осы шындықты білген сияқты. Оның детектив жанрын таңдап алуында осындай бір сыр бар-ау шамасы. Сонымен бірге бұл қазақ әдебиетінде әлі түрен түсе қоймаған тың жатқан жанр еді. Әкемнің ерте танылғаны тыңға алғашқылардың бірі болып түрен салғанына байланысты. Демек, ол кісінің детектив жанрына өз отауын тігуі оның шығармашылық өмірінде елеулі роль ойнады. Бір жанрдың көшбастаушыларының бірі болу үлкен абырой емес пе?!

Жазушы аз емес. Жақсы жазушылар да, құдайға шүкір, бар. Бір уақытта «өндірістік тақырыпқа қалам тартты, социализмді жырлады» деп дәріптелген қаламгерлердің кейбіреуі ұмытылған. Себебі, олар көтерген мәселе уақыт сынына жауап бере алмай ескіріп қалды,

бүгінгі оқырманды мүлде толғандырмайды. Сол жазушылар бір сәттік қана мәні бар мәселелерге алданып қалды. Олар үшін негізгі объект жаны, жүрегі бар адам емес, сол кезеңге ғана тән жалаң идея негізгі мәселе болғандықтан, жазған шығармалары көркемдік қуатқа ие бола алған жоқ. Жазушының жетегіндегі тілалғыш шалажансар кейіпкер кімді баурасын?! А.Чеховтың заманында 300 әңгіме жазған Лейкин деген жазушы болған. Заманында аты дүркіреп тұрған сол жазушыны қазір кім біледі! Иә, Лейкиндер әр заманда да болып тұрады.

Мені әкемнің қаламынан туған шығармалардағы әрқилы мінезді, әртекті кейіпкерлердің болмысы қызықтырады. Сол сан алуан кейіпкерлердің жандүниесіне тереңірек үңілу арқылы оның өзіме беймәлім қыр-сырын білуге тырысамын.

Бұрын да әке мен бала арасындағы сырласу сәттері аз болмайтын. Жалпы тірлігенде ол кісі маған көп сырын ақтарды, айтылмаған, айта алмай кеткен мұң-шері де аз емес-ау деп ойлаймын. Екеуміздің арамызда болған сондай сәттер есіме түскенде әкеме деген сағыныш көңіліме мұң қамайды. Өкінетінім – біздің сырласу сәттеріміз аздау болыпты. Алды-артымды толық танып болмай жатып мен Мәскеуге оқуға кеттім, каникул уақытында ғана Алматыға, ата-анам келіп тұрдым. Оқу бітірген соң менің шет елдердегі көп жылдық «көшпенді» өмірім басталды да, әкем екеуміздің арамыздағы сырласу, әртүрлі тақырыптағы ашық әңгімеміз бірте-бірте сирей берді.

Осы күні оның кітаптарын қайталап оқу арқылы әкеммен сырласамын, мұңдасамын. Оның сан қырлы тағдырлы кейіпкерлерімен жан-жақты танысып, олардың болмыс-бітімінен, табиғатынан әкеме ұқсас мінез, қасиет, сипат іздеймін. Кейде жағымсыз, аяр кейіпкерлердің әрекеттеріне ой кезіп жіберіп, әлгілердің жан-дүниесіне тереңірек бойлауға тырысамын. Олардың тағдыры да әкемнің ой елегінен, жүрек сүзгісінен өтті ғой. Қандай болса да, олардың барлығы Кемел Тоқаев деген жазушының перзенті екені рас.

Жазушы кітап жазып отырғанда барлық кейіпкерлерді бір өзі ойлап шығады ғой. Бұл, әрине, әркімнің қолынан келе бермейді. Бір романда жиырма кейіпкер болса, қаламгер жазу процесі кезінде жиырма адамға айналады. Кейде сол қаһармандардың арасында қулығына құрық бойламайтын, зұлымдығы шектен шығып кететін, аяушылық дегенді мүлде білмейтін қатыгездері де болады. Әлгілердің іс-әрекеті күрекке салмақ салады, әжептеуір қиналып қаласың. Жаны жұмсақ,

аяушылық сезімі күшті әкем осындай қатыгез адамдардың бейнесін қалай жасады екен? Осындайда оның шығармашылық талантының осы бір қыры терең талдауды қажет етеді-ау деген ойға келемін. Иә, ол жұмбақ жан еді.

Ол шын мәніндегі зиялы адам болатын. Адамдар туралы ешқашан өсек айтпайтын, реніші мен ашуын сыртқа шығармайтын. Мұндай мінез әркімде бола бермеуі мүмкін. Ол ылғи да қиын немесе ыңғайсыз жағдайға тап болған басқалар үшін мазасызданатын.

Кітаптарының қаһармандары көбіне өзіне ұқсас болып келеді, олар ұстамды, биік адамгершілікті, табиғатынан зиялы, жарқын мінезді, үлкен жүректі, ерекше жомарт және қайырымды.

Менің Кемел Тоқаевты көкке көтеріп мақтай бергім келмейді. Түптеп келгенде, әкем жайлы ойларым ұлдың әкеге деген құрметі. Мүмкін, менің ол жайлы ой-пікірім кейбіреуге шын болып көрінбейтін болар. Бұл белгілі, қалай дегенмен мұны да түсінуге, ақтауға болады. Өйткені ұлдардың әкелерінің тек жақсы жақтарын көруге ұмтылатыны анық. Сондықтан да мен оның шығармашылығына осындай көзқараспен қарадым, оған өзімнің жеке бағамды бердім.

Кеңес заманында өмір сүрген әкем оның идеяларын көзсіз таратушы болған жоқ. Алдыңғы тарауларда оның бірде-бір еңбегінде коммунистік партияны мадақтау жоқ екенін айтқанмын. Кітаптарын тағы бір оқып шығып, олардың басты қаһарманы ішкі дүниесі мен жанының түрлі күйі, өзіндік қуаныштары мен қайғысы бар Адам екенін айқын сезіндім. Түрлі тағдыр, ұқсамайтын образдар. Әрине, оның барлығы бірдей кемшіліксіз деп айта алмаймын. Солай бола тұра әр кезде жарық көрген шығармаларының көбі уақыт сынынан мұқалмай өтті. Бүгінгі күні де жазушы Кемел Тоқаевтың кітаптарын іздеп, қадірлейтін адамдар аз емес екен.

Шынында да, оның шығармаларын оқып отырып ойланасың, тәлкекке түскен тағдырларға жаның ауырады, қылмыс әлемінің шектен шығып кететін қатыгездігіне қиналасың, күйінесің. Оқырманды осындай жағдайға жеткізген жазушының қаламының қуаты емес пе?!

Ол кісінің сонау 50-ші жылдардың екінші жартысында тәртіп сақшыларының өмірінен алынып жазылған «Тасқын» атты хикаясында шынайы өмір бар. Қым-қиғаш тағдырлар, сан-сапалақ оқиғалар оқырманды баурап алады. Осы шығарма жазылғалы елу жылдай өмір өтіпті. Қоғамдық қарым-қатынас, оның мазмұны мүлде жаңаланды ғой. Адамдар да сапалық жағынан өзгерді. Елу түгіл

соңғы он шақты жылдың өзінде адам санасында каншама өзгерістер болды десеңізші. Қазақтың көркем ойы да өсті. Халықтың рухани өмірі кемелденді. Жақсы-жақсы шығармалар жазылды. Бізге ауызды қу шөппен сүрте беруге болмайды. Қазақ әдебиеті биік белеске көтерілді. Өзіміздікін менсінбей мұрын шүйіргенмен, жақсысын бізге кім берсін?!

Өткенге баға бергенде көзсіз батылдық жасап, бас-көзге қарамай төпелей беруге болмайды ғой. Кешегісіз бүгін жоқ. Сондықтан өткенімізге құрметпен қарауға тиістіміз ғой деп ойлаймын. Өмір қаншалық өзгеріп, адам санасы сапалық жағынан жаңалады дегенмен, кешегіні – біздің әкелеріміздің күш-жігерімен, ақыл-парасатымен жасалған рухани байлықты құрдымға тастауға мүлде болмайды. Л. Толстой, А. Чехов, В. Шекспир, Д. Лондон, М. Әуезов, Ф. Достоевский, Т. Манн секілді тағы да басқа көркем ойдың дана тұлғалары жазған шығармаларды ескірді деуге бола ма? Жоқ, олар бүгін де, ертең де заманмен аяқты тең алып жүреді.

Әрине, әкемнің шығармаларын бұл алыптармен қатар қоймаймын. Дегенмен оның өзіне тән ерекшелігі барын ешкім жоққа шығара қоймас. Оның қаламынан туған «Соңғы соққы», «Солдат соғысқа кетті», «Ұясынан безген құс», «Көмескі із», «Таңбалы алтын», «Түнде атылған оқ», «Сарғабанда болған оқиға» сияқты кітаптары әлі талай ұрпақтың кәдесіне жарайтын шығар деп ойлаймын.

Оның «Соңғы соққы» романына ерекше тоқталғым келеді. Бұл шығарманы әдеби сын қазақ әдебиетіндегі ең алғашқы детективтік роман деп бағалағаны есімде. Ол осы романды жазуға отырғанда мені «қалай болар екен, фильм шықты, романның жалпы мазмұны белгілі» деген сияқты күдік мазалаған. Атаман Дутовтың көзін жоюға байланысты оқиғаның нұсқасы мен күткеннен асып түскендіктен, күдігімнің бекер болғанына қуандым. Роман сәтті шықты!

«Атаманның ақыры» туралы сан түрлі қым-қиғаш пікірлер айтылды. Баспасөзде «Тарихи фактілер бұрмаланған, нағыз шындық басқаша болған» деген сияқты пікірлер жарияланып жатты. Әңгіме өршіп, дау басылмай тұрған кезде осы тақырыпқа бару үшін де тәуекел керек еді. Ол кісі тәуекелдің қайығына мініп, аласұрып жатқан ашық теңізге шығып кетті. Өзіне сенімді еді. Себебі – ол осы тақырыпқа шығарма жазуға жылдар бойы дайындалды, МҚК және ІІМ мұрағаттарын түгел ақтарды, қажетті деректерді тірнектеп жинады. Осы бір жанкешті тірлікке қарап отырып, менің есіме көрнекті

қалам шебері Томас Маннның «Жазушы деген басқаларға қарағанда жазу анағұрлым қиынға соғатын адам» деген қанатты сөзі түседі.

Әкемнің еңбегі ақталды ақыры. Ұзақ дайындықпен жазылған роман қазақ әдебиетіндегі елеулі еңбек ретінде бағаланды.

Ол кезде мен Сингапурде қызметте едім. «Соңғы сокқы» романын оқып шығып, әкеме хат жазып, оның жақсы жазылғанын айтып, сүйінішімді жеткізуді қажет деп санадым. Бұл кітап оның шығармаларының ішіндегі озығы деп айтқаным есімде. Әкем қуанып, жауап хатында өзінің осы романды жазуға көп күш жұмсағанын баса айтқан еді.

Роман ширақ басталады. Облыстық ревкомнан уездік милиция бөліміне келіп жатқан жедел хаттар оқырманды бірден оқиға ортасына қарай еріксіз жетелеп алып кетеді. Бұл тәсілді ол кісі өте тиімді пайдаланған. Жалпы әкем қай шығармасының да тартымды болғанына, сюжеттік желіні ширақ құруға мейлінше көңіл бөлетін.

Бұл шығармасында да сол жорғасынан жаңылмаған.

Аталған роман ғана емес, әкемнің қайсы дүниесін алсаңыз да жеңіл оқылады. Шымыр да ширақ дамитын шым-шытырық оқиғалар оқырманды жетектейді де отырады. Диалогтары ширақ, әрекетке шақырып тұрады.

Романның қамтитын панорамасы өте кең. Әкем атаман Дутов пен оның көзін жоюға мүдделі болған аз ғана топпен шектеліп қалмаған. Заман шындығын толық көрсету үшін ел өмірін жан-жақты зерттеген, сол кездегі ауылдың тұрмысын, тіршілігін зерде елегінен өткізіп, өзіне керектісін екшеп алған. Ауыл өмірінің көзге іліне бермейтін ерекшеліктерін де қағыс қалдырмайды. Сол кезеңнің әлеуметтік ахуалын, тарихи тынысын жақсы білген.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі жылдары Қазақстан, әсіресе Жетісу өлкесі бірден тынышталып, бейқұт тірліктің жетегіне ере қойған жоқ еді. Ішкі жақтан қопарыла көшкен ақгвардияшылар Жетісу жері арқылы өтті. Атаман Анненковтың далалық дивизиясының Жетісуда бір жарым жылдың ішінде қандай ойран жасағанын тарих айтады. Жүкті әйелдердің қарнын жарып, Алакөлге тастағаны туралы жан шошырлық оқиғаларды білеміз. Қауіптен қаперсіз тыныш жатқан қазақ ауылын тып-типыл ғып өртеп жібергенін біреу білер, біреу білмес. Әйгілі Черкасск қорғанысы қаһармандарының ерлігі де сол уақытта жасалған.

Дәл осы уақытта тоз-тозы шығып, бытырай қашқан ақгвардия бөлімшелері бас біріктіріп, тегеурінді қарсылық көрсетуге тырысады.

Сондай ірі құрама атаман Дутовтың армиясы еді. Қытайға барып бекініп, қарсы шабуылға дайындалған, мұздай қаруланған Дутов армиясы жаңа құрылған жас мемлекет үшін үлкен қауіп туғызды. Жас мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен облыстық ревком Кеңес үкіметіне қарсы шабуылға дайындалып жатқан әскери құраманың қолбасшысы атаман Дутовты өлтірудің жоспарын жасайды. Атаманды өлтіру арқылы жаңағы жоспардың жүзеге асуына кедергі жасауға болар еді.

Романның жазылуы детективтік сипатта болғанымен, менің ойымша, бұл тарихи шығарма. Осы шындықты ешкім жоққа шығара қоймас. Қандай шығарма жазса да жазушы бірінші кезекте суреткерлік фантазиясына арқа сүйейді ғой. Мысалы, «Соғыс пен бейбітшілік» 1812 жылғы Отан соғысының хронологиялық көшірмесі емес. Сол сияқты ондағы тарихи тұлғалар да Л. Толстой фантазиясының жемісі. Лев Николаевичтің шығармашылығын зерттеуші ғалымдар: «Кутузов деген Лев Толстой», дейді. Бұл сөздің ақиқаттығына менің күмәнім жоқ. Кейбіреу Наполеонның бойынан Толстойдың қасиеттерін іздейді. Тіпті, тауып та жүр.

Осыған орайлас пікірді А. Толстойдың «Петр бірінші», В. Шукшиннің С. Разин туралы шығармалары хақында да айтуға болар еді. Демек, көркем шығарма тарихтың көшірмесі емес. Солай дей тұрғанмен, жазушы тарихи шындықтан алыс кете алмайды ғой.

«Соңғы соққы» романын жазғанда әкем осы принципті берік сақтаған сияқты. Романда О. Жандосов, Б. Шагабудинов сияқты тарихи тұлғалардың көркем бейнесі сомдалған.

«Соңғы соққы» көркем шығарма болғандықтан қаламгер сол жағдайға байланысты тарихты шынжыр бауындай тізіп жазып шықпаған. Роман сол заманның көркем шындығы, заманның, тарихтың тынысы. Шығармада сол уақыттағы саяси, қоғамдық ахуал жан-жақты қамтылған. Ел өмірі, қазақтың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдағы әлеуметтік жағдай психологиясы бар бояуымен көрінеді. Бұл хронология болмағандықтан көркем шығарма мен тарихи ситуация арасындағы сәйкессіздікті іздеп, арамтер болудың қажеті жоқ.

Рас, аталған роман жазылған тұста социалистік реализм әдісінің айдарынан жел есіп, айтқаны өтіп тұрған. Сол себепті көптеген жазушы өз кейіпкерлері мен олардың тағдырын әлеуметтік-тарихи тенденцияның иллюстрациясына айналдырып жібергенін көпшілік біледі. Сол шығармалар заман өзгерген кезде көптің

кәдесіне жарамай, тез ескіріп, сұраныстан шығып қалды. Мен Кемел Тоқаевтың шығармаларының солардың кебін киіп, «ескіріп» қалмағанына қуанамын.

Білетінім – әкемнің шығармаларының негізінде өмірде болған нақты оқиғалар жатқандықтан, ол көркем шындыққа алып баратын «алтын көпірді» мықтап салуға, діңгегінің неғұрлым берік болуына ерекше көңіл бөлді. Оның шығармалары ырғақты, мазмұнды әрі қызықты оқылады.

«Стиль деген адам» деген сөзді К. Маркс қайталап айтқанды ұнатады екен. Осы тұжырым менің де көкейіме қонады. Кітаптарын оқып отырғанда оның асықпайтын, сабырлы да салмақты, маңғаз мінезін танимын. Әр сөзіне мән беріп, бір бет қағазды ұзақ ойланып, төрт-бес сағат отырып жазатын. Жазуы да өте әдемі еді.

«Каждый художник изображает свою иллюзию мира» дейді Л. Толстой. Әкемнің кітаптары оның мінезінің айнасы іспеттес: ол білімді, жан-жақты толысқан адам болды. Кітаптарының қолжазбаларына қарап-ақ оған тән ұқыптылық пен тыңғылықты анық көруге болады.

Трагизмге толы тағдырының табы оның шығармаларынан білінбеуі мүмкін емес еді. Авторлық жүйені алып жүретін кейіпкерлердің қай-қайсының да жүрегінде тарқамас мұң бар. Роман, повестеріндегі негізгі кейіпкерлер бойында барлық адамға тән қуаныш пен өкініш, өткеніне шегініп, ойға батқан тұстарда сол мұң андағайлап алыстан көрінеді.

Менің білетінім – әкемнің көкірегінде сондай бір мұң жататын және ол ешқашан сарқылып біткен емес. Бұл, бәлкім, арманда кеткен жалғыз бауырына деген сағыныш болар, мүмкін бұл Уильям Теккерейдің сөзімен «мансапқұмарлық жәрмеңкесі» деп өзі жиі атайтын қазақ қоғамының менменшіл, жәдігөйлігі болар.

Әкемнің шығармалары сан жағынан алып қарағанда аз емес. Таралымына да өкпе айтуға да болмас. Ол әдебиетке көзсіз берілген жан еді, сондықтан да күн демей, түн демей еңбек етті. Басқа жазушылармен салыстырғанда облыстарға, аудандарға көп те бармайтын, солай бола тұра, оның барлық шығармаларында өмір шындығы мен көркем шындық астасып, кірігіп, жақсы жарасым табады. Мұндай шеберлікке қалай қол жеткізгені мүмкін ешқашанда түсіндірілмейтін талант қыры шығар. Оның шығармашылығының құпиясы да осында еді. Ол өмірде де ерекше болатын, кейде түсініксіз адам болып

көрінетін. Басқаларға ұқсамайтын, оған өзіндік айрықша мінез-құлық тән еді. Әлдебір өркөкірек жазушының «Өмірдегі ең басты іс – өмір, іс емес» деп айтқаны бар. Әкем өмір бойы осы жалаң пайымды жоққа шығарумен болды. Иә, ол өмірді сүйді, алайда ол үшін ең бастысы – іс болды. Бұл іс – көркем әдебиет еді.

Үлкен әдебиетте Кемел Тоқаев өз Сөзін айтты. Оның баласы ретінде мен оның Сөзі шынайы, ақиқат және әділ болғанына разымын.

Басқалай болуы мүмкін де емес еді. Кемел Тоқаевтың өзі де нақ осындай адам еді. Оның көркем шығармашылығын қадірлеушілердің, замандастарының есінде осы бейнеде қалатынына сенемін.

Азамат. Кемел Тоқаев. Өмірі мен тағдыры.

– Алматы, 2003 ж.

МАЗМҰНЫ

Бас редактордың кіріспе сөзі	5
Кемел Тоқаев	7
Тоқаев Қ. Әке шығармашылығы туралы толғаныс	9
Мұрағат құжаттары	19

Қаламгерлік қарым

Сарғабанда болған оқиға	26
Түнде атылған оқ	64
Соңғы соққы	89
Милиция – қорғаным	105

Заманның сөзін сөйлеген...

Бір мезет – тұтас өмір	120
Заң терминдері хақында	124
Ел шырайы	126
Аға ақылы ұмытылмайды екен	130
Сыр бойында	133
Токты-ака	139
«Егінші – мәрт, жер – жомарт»	147
Адам туралы ойлар	149
Асудан асқанда	152
Кеген кеңістігінде	161

Тұлға туралы толғаныс

Қайсенов Қ. Кемел шағында еді	168
Нұршайықов Ә. Дос қолтаңбасы	172
Исабай Қ. Тоқаевтың үш сыйлығы	188
Әлжанов Х. Кемеліне келген Кемел еді	194
Қирабаев С. Сырбаз	200
Елеукенов Ш. Аты да, таланты да Кемел	203
Ыдырысов Ә. Темірқазық жұлдызым	212
Тарази Ә. Еркектің құрғақ көз жасы	224
Әріпұлы Д. Қадірменді Кемекең	233
Ысқақ Қ. Соңғы кездесу	240

Кемел Тоқаев

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

156-шығарылым

ИБ № 12254

Басуға 19.09.2018 қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.
Көлемі 26,5 б.т. Тапсырыс № 210. Таралымы 50 дана.
Сандық басылыс. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі
050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

Әкімжанов М. Жақсылығын жар салмаған жан.....	247
Қайырбаева Р. Өнегесі жадымда	253
Сәрсекеев Қ. Жұлдыздар алыстаған сайын айқын көрінеді	255
Мұқай Б. Жұмбақ жан.....	265
Ниязбек Р. Детектив жанрының атасы.....	272
Сарбалаұлы Б. Адалдықты аманаттап... ..	282
Ақыш Н. Соғыс шындығының ұшқындары.....	309
Бекболатұлы Ж. Бекзат болмыс.....	312
Арин А. Писатель, воин, гражданин.....	318
Сәттібайұлы К. Жауынгер, жазушы Кемел Тоқаев қаламының қарымы Жамбыл өңірі тарихында.....	329
«Қара Мысық» оқиғасы.....	330
Кинорецензияшы Кемел Тоқаев	331
Жанабаев К. Неповторимый почерк	344
Муканова Г. Жолбарыс, выигравший бой со смертью.....	360
Касымов Д. Война и мир.....	367
Қантай С. Детектив шыңына шыққан	374
Кәрібай М. Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романы туралы ой	382
Ибрайымов А. Кемел Тоқаев туралы бір ой.....	385
Кемел Тоқаев шығармаларының хронологиялық көрсеткіші.....	389
Кемел Тоқаевтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері	398